Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта IT мектеп-лицейі бойынша

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы **№14 н/қ** **«05» қаңтар 2026 ж.**

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі- Заң) 16- бабының 3-тармағы, 35) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 507-тармағына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Нысанды мамандандырылған, физикалық, тәулік бойы күзетумен қамтамасыз ету қызметтері» сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман Н.М.Барлық :
-Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
-өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтанбамен куәландырылған шарттың жобасы жіберілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры **С.К.Тойшыманов**

Таныстым:

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72
жалпы білім беретін орта IT
мектеп-лицейі» КММ –нің директоры
С.К.Тойшымановқа
Бас есепші Н.М.Барлықтан

Қызметтік хат №2
05.01.2026 жыл

Мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында нысанды мамандандырылған, физикалық, тәулік бойы күзету қызметін сатып алу үшін әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс беруге сұраныс жіберілді. Коммерциялық ұсыныстардағы ең төменгі баға ұсынған «Охранное агенство «Галайд-кузет» ЖШС.

Осылайша, қызметті сатып алу үшін Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, Заңның 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін қолдана отырып «Охранное агенство «Галайд-кузет» ЖШС –н келісім шарт жасауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Бас есепші **Н.М.Барлық**